

Теректі мектеп-балабақшасындағы 2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында атқарылған психологиялық қызметтің есебі

Теректі мектеп-балабақшасының педагог-психологі Досанова Гулшара Назарбаевна, 1 штаттық жұмыс қызметінде жасап келемін. Биыл жалпы жұмыс өтілім 30 жыл, ал психолог маман ретінде 11 жыл болады (2013 ж. қыркүйек, Теректі МБ).

Жаңа оқу жылының басында жалпы 137 оқушы, оның ішінде 72 қыз бала, 65 ер бала санымен басталды. Мектеп директорымен бекітілген жылдық жұмыс жоспары №377 бұйрық бойынша жұмыстанып келемін. Яғни, 5 бағыт бойынша (диагностикалық, түзету-дамыту, алдын алу және психологиялық ағарту, кеңес беру және ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар).

Жылдың басында біздің жұмысымыз әдеттегідей, бірінші сынып оқушыларын мектепке бейімделуін анықтаудан бастау алады. Оқушылардың психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін байқау мақсатында Керн-Иерасиктің әдістемесін өткізуден басталды.

1-ші сыныпта 15 оқушы сынақтан өтті (11 қыз бала, 4 ер бала). Зерттеу жұмысы барысында оқушылар назарына «Ер адамның суретін салу», «Әріптерді көшіріп салу», «Бір топ нүктелерді көшіріп салу» ұсынылды. Негізгі мақсат, алынған нәтижелерден оқушылардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау. Сынақ қорытындысы бойынша оқушылардың мектепке психологиялық дайындығымен мектеп өміріне бейімделуін төмендегі кестеден байқауға болады.

№	Білім алушының аты-жөні	Тапсырмалары			Жалпы қорытындысы (баллмен)	Нәтиже өлшемдері	Саны (%)
1	Айбек Хадиша Е	1	1	1	3	Мектепке дайын	9/60,0
2	Аманжол Мадина А	2	1	1	4	Мектепке дайын	
3	Нұрлан Нұрсәт К	2	1	1	4	Мектепке дайын	
4	Ізгілеу Айдана А	2	1	1	4	Мектепке дайын	
5	Жылқышыбай Кәусар М	2	1	1	4	Мектепке дайын	
6	Альберт Алуа Ж	2	2	1	5	Мектепке дайын	
7	Асқатова Қырмызы М	2	1	2	5	Мектепке дайын	
8	Қойшығұл Шұғыла С	2	2	1	5	Мектепке дайын	
9	Қырымқұл Аяла Ж	2	1	2	5	Мектепке дайын	
10	Ізімқұл Айша С	2	2	2	6	Орташа дәрежесі, даму үстіндегі сәтті жағдай	3/20,0
11	Есдәулет Сырғалым Е	2	3	2	7	Орташа дәрежесі, даму үстіндегі сәтті жағдай	
12	Ондасын Бақытнұр А	2	3	2	7	Орташа дәрежесі, даму үстіндегі сәтті жағдай	
13	Аршат Хан А	3	3	3	9	Қосымша тапс қажет етеді	2/13,3
14	Берік Нұртөре Н	3	4	2	9	Қосымша тапс қажет етеді	
15	Асқар Дамир А	5	4	2	11	Дамуы жеткіліксіз, қатаң қадағалауды қажет етеді	1/6,7

Қорытындысы, интерпретациясы: 1-нші сынып оқушыларының мектепке дайындық деңгейін анықтау мақсатында Керн-Иерасик тесті алынды. Диагностика үш негізгі тапсырмадан тұрады.

1-нші тапсырма ер адамның суретін салу,

2-нші тапсырма жазу үлгісін көшіріп жазу

3-нші тапсырма нүктелер үлгісін көшіріп салу

Нәтижесі бойынша: 15 оқушының барлығы түгел қатыстырылды. 15 оқушының

- 9 /тоғыз/ мектепке дайын екендігі анықталды, яғни 2-5 ұпай аралығында жинағандар:

- 3 /үш/ оқушы орташа дәрежеде, даму үстіндегі сәтті жағдай, яғни 6-7 ұпай жинағандар:

- 2 /екі/ оқушы – қосымша тапсырманы қажет етеді, 8-9 ұпай жинағандар:

- 1 /бір/ оқушының психомоторлық дамуы жеткіліксіз, яғни 10-нан жоғары ұпай алғандар.

Мұғалім мен ата-анасы тарапынан қатаң қадағалауды қажет етеді (кестеде көрсетілген)

Ескерту (Ерекше назарды талап ететін **БІЛІМ АЛУШЫНЫҢ** аты-жөні мен көрсеткішіне сипаттама беру) бұл сыныпта осы санатқа жататын оқушылар жоқ


Ұсыныстар:

Әкімшілікке сабақ процесін бақылау, қадағалау

Педагог-психологқа (келесі қадамдар алгоритмін атап өту) сабақ процесінде, үзіліс кезінде оқушыларды бақылау, сабақтарына ену, сыныппен түзету-дамыту жұмыстарын әрі қарай жалғастыру

Класс жетекшіге: оқушыларды үнемі назарда ұстау, сабақ процесі барысында қосымша тапсырманы қажет ететін оқушыларға қосымша тапсырма беру, қадағалау

Ата-аналарға: үйде балаларыңызбен тығыз қарым-қатынаста болу, сабақтарын қадағалау, үнемі сынып жетекшімен тығыз байланыста болу




1 сынып оқушыларының тапсырма жасау барысында.

Алынған диагностика нәтижесімен сынып жетекшіге таныстырылды. Түзету-дамыту жұмыстары алдағы аптаға жоспарланып тұр.


Жоспар бойынша 5 сынып оқушыларынан бірқатар диагностикалар алынды. Барлығы 12 оқушы қатыстырылды (100%). «Социометрия», «Темперамент типтерін анықтау», Лусканова әдістемесі, құқықбұзушылыққа арналған сауалнамалар алынды. Нәтижесі мен қорытындылары өңделуде.

Мектеп бойынша әдеп кеңесінің хатшысы ретінде тамыз айының 28 күні педагогикалық әдеп кеңесінің №1 кезекті отырысы өткізілді. Барлығы 20 мұғалім қатыстырылды. Күн тәртібінде қарастырылған мәселелер:

1. Әдеп кеңесі құрамындағы өзгерістер
2. Педагогтың іскерлік киімі туралы, жаңа бірыңғай форма таңдау



Теректі мектеп-балабақшасының балабақша тобында да өз жұмысым жалғасын табуда. Балабақшаға алғаш келген баламен жеке жұмыстар жүргізілуде. Баланың балабақшаға адаптациясында қиыншылықтар бар, сол баламен түстен кейінгі уақытта әңгімелесу, ойын процесінде, сырттай бақылау жұмыстары жүргізіліп келеді. Топ тәрбиешілерімен де, анасымен де сұхбаттасып кеңестер берілді. Баланың адаптациясы бойынша әлі де жұмыс жалғасын табады.



Құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылыққа байланысты 8-11 сынып оқушыларынан сауалнамалар алынды. Барлығы 41 оқушы, нақты қатысқаны 38. Нәтижесін кестеден байқауға болады. Сауалнама нәтижесі бойынша өрескел жауаптар анықталмады. Оқушылармен түсіндірме ағартушылық жұмыстары өз жалғасын табады.

Теректі мектеп-балабақшасы
Теректі мектеп-балабақшасының
8, 9, 10, 11 сынып оқушыларының арасында
2024-2025 оқу жылындағы
Клуста немесе топта буллинг мәселесін зерттеу сауалнамасының қорытындысы бойынша
ХАБАРЛАМАСЫ

Қатысқан сынып: 8,9,10,11 / 41 оқушы.

Қатысқан нақты оқушы саны: 38 (3 оқушы дәлелді себептермен сабақта болмады; 2 оқушы аудан басында жарыста, 1 оқушы ауырып жатыр.)

Өткізілу мерзімі: 16 қыркүйек айы 2024 жыл

Мақсаты: класта немесе топта буллинг мәселесін зерттеу сауалнамасы

Қолданылатын әдістеме: анонимді сауалнама

№	Сұрақтары	Жауаптары	8	9	10	11	Жалпы саны мен сапасы (%)
1	Кикілжің болған кезде қалай шешесің?	А) міндетті түрде пікір таласқа түсемін Ә) төбелесемін Б) достарымды көмекке шақырамын В) ақылмен шешемін	1 0 3 6	0 0 1 8	1 0 0 7	3 0 1 7	4 / 10,5 0 / 0 5 / 13,1 28 / 73,7
2	Ренжіскен кезде кіммен ақылдасасың?	А) ата-анаммен Ә) достарыммен Б) класс жетекшісімен В) өзім	1 4 2 3	6 2 0 1	1 3 0 4	4 4 0 3	12 / 31,6 13 / 34,2 2 / 5,3 11 / 29,0
3	Құрастарыңа күш көрсетіле ме?	А) жиі Ә) 1 рет Б) бірнеше рет В) болған жоқ	0 0 0 10	0 0 0 9	0 0 0 8	0 0 0 11	0 / 0 0 / 0 0 / 0 38 / 100
4	Саған мектепте күш көрсетулер болды ма?	А) жиі Ә) болған жоқ Б) бірнеше рет В) бір рет	0 10 0 0	0 0 0 0	0 8 0 0	0 11 0 0	0 / 0 38 / 100 0 / 0 0 / 0
5	Өз құқығыңа қорғау үшін нені қолданасың?	А) заңға сүйенемін; Ә) ата-анамды; Б) аууысымды; В) ұстазымды; Г) қара күшті	5 3 0 2 0	8 1 0 0 0	7 1 0 0 0	9 3 0 0 0	29 / 76,3 8 / 21,1 0 / 0 2 / 5,2 0 / 0
6	Сіздің мектепте ақша жинау фактісі болды ма?	А) иә; Ә) кейде; Б) 1 рет; В) бірнеше рет; Г) жоқ	0 0 0 0 10	0 0 0 0 9	0 0 0 0 8	0 0 0 0 11	0 / 0 0 / 0 0 / 0 0 / 0 38 / 100
7	Мектепте ақша жинау фактісін ұйымдастыратын оқушының атын көрсете аласың ба? (сеің жауабың маңызды, барынша шынайы бол.)	"Болған жоқ" деген жауаптар жазылды	10	9	8	11	38 / 100
8	Күш көрсету фактісі болған жағдайда, қай жерде өтті? (мектепте, көшеде, ойын-сауық орталықтарында т.б.) өз жауабыңды төменге жаз	"Болған жоқ" деген жауаптар жазылды	10	9	8	11	38 / 100

Мектеп педагог-психологі:  Досанова Г.Н.

19 қыркүйек күні 2024 жылы жалпы республикалық челлендж флешмоб ұйымдастырылды. Оған мектебіміздің 5-11 сынып оқушылары қатыстырылды. Флешмобтың тақырыбы «Менің мектебім буллингке қарсы!» деген атпен «Алаш» тобының әнінің әуенімен өткізілді. Бейнеролик түсіріліп әлеуметтік желіге жүктелді.



Жалпы оқушылар үзілістерде, кезекшілік кезінде сырттай бақылау үстінде.

Қыркүйек айында «Бала қауіпсіздігі- қоғам келешегі» тақырыбында жалпы ата-аналар жиналысы өткізілді. Талқылауға түскен тақырыптар: әлеуметтік қауіптер, шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг, балалар арасында өсіп келе жатқан тренд болған онлайн ойындар. Психолог

тарапынан тренингтер өткізілді, топтарға ситуациялық сұрақтар ұсынылып, постерлер қорғалды, сергіту сәті рефлексия ретінде хормен ән айтылды. Әлеуметтік желіге жүктелді.
<https://www.instagram.com/reel/DAaOktCgI5s/?igsh=aWRobDNlYzNjdXUz>



Бұдан басқа жылдың басы болғандықтан, құжаттармен жұмыс жүргізуде: жаңа папкілерге ауыстыру, құжаттар материалын жанарту, толықтыру. Кабинетті қайта жабдықтап, стендтерді өзгерту, жанарту жұмыстары жалғасуда.

Биылғы оқу жылында инклюзив санатында, дін жолында оқушы тіркелмеген.

Жоспар бойынша барлық психологиялық жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді, жалғасын табада.

Мектеп педагог-психологі:  Досанова Г.Н.